

**"Мемлекеттік мекемелердің есептілігін жасау мен ұсынудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 424 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 28 қарашадағы N 421 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 14 желтоқсандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5045 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 27 ақпандағы N 89 Бұйрығымен.

*Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 27 ақпандағы N 89 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Бұйрығымен.*

*Қолданушылардың назарына!!!*

*Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.*

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілердің бюллетенінде жарияланған 2005 ж. тамыз, N 17, 135-құжат, 2005 ж. қыркүйек, N 18, 144-құжат, N 3869 болып тіркелген, "Юридическая газетінде" 2005 жылғы 4 қарашада N 204-205 (938-939) жарияланған Қазақстан Республикасы Қаржы министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 21 қыркүйектегі N 341 бұйрығымен өзгерістер енгізілген, "Юридическая газетінде" 2007 жылғы 18 мамырда N 74 (1103) жарияланған, N 4631 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 108 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген "Мемлекеттік мекемелердің есептілігін жасау мен ұсынудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2004 жылғы 1 желтоқсандағы N 424 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3293 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің есептілігін жасау мен ұсынудың ережесінде:

12-тармақ мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі және жұмсалуды туралы есеп - N 4-дк-жиынтық нысан (осы Ережеге 28-қосымша);";

мынадай мазмұндағы 17-1-тармақпен толықтырылсын:

"17-1. Жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер есепіден кейінгі айдың 3-күні жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне N 11 нысан бойынша есепті ұсынады.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі есепіден кейінгі айдың 5-күні қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға N 11 нысан бойынша есепті ұсынады.

Жергілікті бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер бюджеттік бағдарламалар әкімшілері немесе бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар енгізген өзгерістерге сәйкес өздеріндегі есептің данасына және қазынашылықтың аумақтық органына ұсынған есептің данасына өзгерістер енгізуге міндетті.";

#### 2 7 - т а р м а қ т а :

"200 "Мемлекеттік мекемені және басқа да іс-шараларды ұстауға бюджет бойынша шығыстар" қосалқы шоты бойынша қалдық есептен шығарылады." деген сөздер мынадай мазмұндағы редакциямен ауыстырылсын:

"инвестициялық жоба аяқталғаннан кейін есептен шығарылатын, сыртқы қарыздың есебінен инвестициялық жобаны іске асыруға арналып мемлекеттік бюджеттен бөлінген бірлесіп қаржыландыру сомасын қоспағанда, 200 "Мемлекеттік мекемені ұстауға және басқа да іс-шараларға бюджет бойынша шығыстар" қосалқы шоты бойынша қалдық;

201 "Ғылыми әзірлемелерге арналған шығыстар" қосалқы шоты бойынша аяқталған және қабылданған ғылыми әзірлемелер бойынша шығыстар есептен шығарылады." ;

мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"234 "Трансферттер бойынша қаржыландыру" қосалқы шотының дебетіне 205 "Трансферттер бойынша шығыстар" қосалқы шоты бойынша сома есептен шығарылады.";

#### 4 0 - т а р м а қ т а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"140 "Мемлекеттік мекеменің міндеттемелерді қабылдауға арналған рұқсаттары" (090) жолы бойынша міндеттемелерді қабылдауға арналған рұқсаттар сомасының қалдығы көрсетіледі.";

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"152 "Трансферттер бойынша рұқсаттар" (095) жолы бойынша жалпы сипаттағы трансферттерді, нысаналы ағымдағы трансферттерді, дамуға арналған нысаналы трансферттерді қаржыландыруға арналған рұқсаттар сомасының қалдығы көрсетіледі." ;

төртінші абзацтағы ", оның ішінде трансферттер (субвенциялар)" деген

с о з д е р а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

алтыншы абзацтағы "қарыздардың" деген сөз "заемдардың және байланысты гранттардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"170 "Мемлекеттік мекеменің міндеттемелерді қабылдауға арналған рұқсаттары" (100) жолы бойынша мемлекеттік мекемені ұстауға бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың берген рұқсаттары сомасының қалдығы көрсетіледі.";

мынадай мазмұндағы он төртінші абзацпен толықтырылсын:

"212 "Мемлекеттік мекеменің карт-шоты" (114) жолы бойынша мемлекеттік мекеменің карт-шотындағы қаражат қалдығы көрсетіледі.";

41-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"240 (552 пассивте) "Ғылыми эзирлемелер бойынша есеп айырысулар" (152) жолы бойынша кәсіпорындардың және ұйымдардың ғылыми-зерттеу мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, ғылыми зерттеулер, ғылыми-техникалық жұмыстар және басқалар жөніндегі тапсырыстарды орындауы бойынша берешек сомасы көрсетіледі.";

4 2 - т а р м а қ :

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"331 "Ғылыми эзирлемелерге арналған шығыстар" (201) жолы бойынша аяқталмаған ғылыми эзирлемелер (ғылыми-зерттеу мен тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, ғылыми зерттеулер, ғылыми-техникалық жұмыстар және басқалар), сондай-ақ аяқталған, бірақ қабылданбаған ғылыми эзирлемелер бойынша шығыстар сомасы көрсетіледі.";

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"344 "Трансферттер бойынша шығыстар" (205) жолы бойынша мемлекеттік мекеменің алған трансферттері есебінен жүргізілген шығыстар сомасы көрсетіледі.";

4 7 - т а р м а қ :

мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:

"462 "Трансферттер бойынша қаржыландыру" (234) жолы бойынша жалпы сипаттағы трансферттер, ағымдағы нысаналы трансферттер, дамуға арналған нысаналы трансферттер бойынша қаржыландыру сомасы көрсетіледі.";

бесінші абзацтағы "қарыздар" деген сөз "заемдар және байланысты гранттар" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 4 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "231;" деген цифрдан кейін "234;" деген цифрмен толықтырылсын;

алтыншы абзацтағы "сыртқы заемдар" деген сөздерден кейін "және

байланысты гранттар" деген сөздермен толықтырылсын;  
сегізінші абзац ", 201 "Ғылыми әзірлемелерге арналған шығыстар" қосалқы шоты бойынша аяқталған және қабылданған ғылыми әзірлемелер бойынша шығыстар және 205 "Трансферттер бойынша шығыстар" қосалқы шоты бойынша мемлекеттік мекеменің алған трансферттері есебінен жүргізілген шығыстар сомасы" деген сөздермен толықтырылсын;

тоғызыншы абзацтағы "Сыртқы заем" және "сыртқы заемдар" деген сөздерден кейін "және байланысты гранттар" деген сөздермен толықтырылсын;  
он төртінші абзацтағы "(140 және 143)" деген цифрлардан кейін ", 234" деген цифрмен толықтырылсын;

жиырмамыншы абзацтағы "940" деген цифр "941" деген цифрмен ауыстырылсын;

жиырмамыншы абзацтағы "Сыртқы заемдар" және "сыртқы заемдар" деген сөздерден кейін "және байланысты гранттар" деген сөздермен толықтырылсын;  
жиырма бірінші абзац алынып тасталсын;

#### 5 5 - т а р м а қ т а :

үшінші абзацтағы "қорытындымен" деген сөзден кейін "бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші абзацтағы "жоспарының сомасы көрсетіледі" деген сөздер "жоспарына сәйкес бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша қорытынды сома көрсетіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

#### 5 6 - т а р м а қ т а :

үшінші абзацтағы "6-бағанда - іс жүзіндегі шығыстар көрсетіледі, ал 7-бағанда жыл басынан бастап өспелі қорытындымен түсімдердің сомасы және кассалық шығыстар көрсетілуі керек" деген сөздер "6-бағанда түсімдердің сомасы және кассалық шығыстар көрсетілуі керек, ал 7-бағанда жыл басынан бастап өспелі қорытындымен іс жүзіндегі шығыстар көрсетіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші абзац "жалпы сомасы" деген сөздерден кейін ", оның ішінде тиісті бюджеттің кірісіне енгізілген сома" деген сөздермен толықтырылсын;  
сегізінші абзац алынып тасталсын;

тоғызыншы абзацтағы "140" деген цифр "051" деген цифрмен ауыстырылсын;  
57-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"57. N 4-жиынтық нысан бойынша Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынатын түсім жоспарларының және ақша шығыстарының орындалуы туралы есеп осы Ережеде айқындалған құрылым, Қазақстан Республикасы Қаржы министрі міндетін атқарушының 2007 жылғы 8 мамырдағы N 163 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын,

өткізуден түсетін ақшасы өзінің иелігінде қалатын мемлекеттік мекемелер тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) тізбесі сыныптауышына сәйкес тауарлар (жұмыстар, қызметтер) кодтары бойынша, сондай-ақ бюджет шығыстарының функционалдық және экономикалық сыныптамаларының кодтарын есепке ала отырып қалыптастырылады.

№ 4-жиынтық нысан бойынша Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынатын түсім жоспарларының және ақша шығыстарының орындалуы туралы есепті жиынтық түрде № 4 нысан бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынатын түсім жоспарларының және ақша шығыстарының орындалуы туралы есепте көрсетілген деректердің негізінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жасайды.

#### К і р і с б ө л і г і :

010 "Түсімдердің барлығы" деген жол бойынша өзіне қаржы жылының басындағы ақша қалдығын және ағымдағы жылдың түсімдер сомасын қамтитын түсімдердің жалпы сомасы көрсетіледі (011 жол қосу 012 жол);

011 "Қаржы жылының басындағы қаражат қалдығы" деген жол бойынша қаржы жылының басындағы ақша қалдығы көрсетіледі;

012 "Ағымдағы жылдың түсімдері" деген жол бойынша ағымдағы жыл түсімдерінің сомасы көрсетіледі.

#### Ш ы ғ ы с б ө л і г і :

11-бағанда 020 "Шығыстардың барлығы, оның ішінде ерекшеліктер бойынша" деген жол бойынша шығыстардың экономикалық сыныптамасының барлық ерекшеліктері бойынша кассалық шығыстардың жалпы сомасы, оның ішінде бюджетке аударылған сомаларды жаза отырып көрсетіледі;

021 "оның ішінде бюджеттің кірісіне аударылды" деген жол бойынша тиісті бюджеттің кірісіне аударылған сома көрсетіледі;

030 "Ағымдағы жылдың есепті кезеңінің соңындағы ақша қалдығы" деген жол бойынша ағымдағы жылдың есепті кезеңінің соңындағы ақша қалдығы көрсетіледі.

№ 4-жиынтық нысан тоқсандық және жылдық есептілік болып табылады.";

#### 5 9 - т а р м а қ т а :

алтыншы абзацтағы "сомасы" деген сөзден кейін ", оның ішінде бюджет кірісіне аударылған сома" деген сөздермен толықтырылсын;

жетінші абзацтағы "140" деген цифр "051" деген цифрмен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 59-1-тармақпен толықтырылсын:

"59-1. № 4-дк нысан бойынша Демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның түсімі және жұмсалуды туралы есепті жиынтық түрде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жасайды, онда мақсатқа сай пайдалану үшін демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен ақшаның қозғалысы

к ө р с е т і л е д і .

1 және 2-бағандарда бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды және атауы көрсетіледі.

3-бағанда ағымдағы қаржы жылының есепті кезеңіндегі ақша түсімінің сомасы жыл басынан бастап өспелі қорытындымен көрсетіледі.

4-бағанда қаржы жылының басындағы ақша қалдығы көрсетіледі.

5 және 6-бағандарда бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің коды және атауы көрсетіледі.

7-бағанда ағымдағы қаржы жылының есепті кезеңінде жұмсалған ақша сомасы жыл басынан бастап өспелі қорытындымен көрсетіледі.

8-бағанда бюджет кірісіне аударылған сома көрсетіледі.

9-бағанда есепті кезеңде түскен және мақсатқа сай жұмсалған ақша айырмасы ретінде айқындалатын есепті кезеңнің соңындағы ақша қалдығы көрсетіледі.

№ 4-дк-жиынтық нысан тоқсандық және жылдық есептілік болып табылады.";

6 8 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "(оның ішінде кірістердің кодтары бойынша донорлардан)" деген сөздер "(оның ішінде кірістердің кодтары бойынша донорлардан және республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер)" деген сөздермен ауыстырылсын;

6 9 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "нысан бойынша" деген сөздерден кейін ", байланысты гранттарды алатын" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац алынып тасталсын;

76-тармақтың үшінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын :

"Есептіден кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша оны бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолтаңбасымен және мөрімен куәландырады да бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға жылдық есептің құрамында ұсынады.";

Мемлекеттік мекемелердің есептілігін жасау мен ұсынудың ережесіне 1-қ о с ы м ш а :

"

4-дк	Демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен ақша түсімдері және шығыстары туралы есеп
------	--

"

д е г е н ж о л д а н к е й і н

"

	Демеушілік және қайырымдылық көмектен түскен ақша түсімдері және шығыстары туралы есеп
--	--

"

деген жолмен толықтырылсын;

Мемлекеттік мекемелердің есептілігін жасау мен ұсынудың ережесіне 2-қ о с ы м ш а д а :

1 - б а ғ а н д а :

реттік нөмірі 4-жол "қосу 462-жол 3-баған" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 5-жол "қосу 462-жол 4-баған" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"330-жол 4-баған алу 3-баған қосу 331-жол 4-баған алу 3-баған қосу 341-жол 4-баған алу 3-баған қосу 342-жол 4-баған алу 3-баған 343-жол 4-баған алу 3-баған қосу 344-жол 4-баған алу 3-баған қосу 420-жол 4-баған алу 3-баған";

реттік нөмірі 12-жол "қосу 331-жол 4-баған алу 331-жол 3-баған" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 17, 39-жолдар алынып тасталсын;

2 - б а ғ а н д а :

реттік нөмірі 3-жолдан кейінгі жолда "231;" деген цифрдан кейін "234;" деген цифрмен толықтырылсын;

реттік нөмірі 12-жол "алу N 2 нысан (байланысты гранттар бойынша) 8-баған" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 14-жол "N 2 нысан (сыртқы заемдар бойынша)" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 15-жолда "6" деген цифр "7" деген цифрмен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 16-жолда "7" деген цифр "6" деген цифрмен ауыстырылсын;

реттік нөмірлері 37, 42-жолдарда "тиісінше" деген сөз алынып тасталсын;

реттік нөмірі 43-жолда "N 12 нысанның" деген сөз алынып тасталсын;

реттік нөмірі 49-жолда ", 140" деген цифр алынып тасталсын;

реттік нөмірі 50-жолда "020" деген цифр "011" деген цифрмен ауыстырылсын;

;

реттік нөмірі 55-жолда "110" деген цифр "100" деген цифрмен ауыстырылсын;

;

реттік нөмірі 12-жолдан кейінгі жол және реттік нөмірлері 13, 44, 45-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

--	--

	Қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есеп (сыртқы заемдар мен байланысты гранттар бойынша) N 2 нысан
13. 481-жол 4-баған	13. N 2 нысанның (сыртқы заемдар бойынша) "Барлығы" жолы 6-бағаны қосу N 2 нысанның (байланысты гранттар бойынша) "Барлығы" жолы 6-баған
44. 171-жол 6-баған	44. 011-жол қосу 020-жол алу 050-жол 6-баған
45. 030-жол 11-баған	45. 010-жол 11-баған алу 020-жол 11-баған

"

Мемлекеттік мекемелердің есептілігін жасау мен ұсынудың ережесіне 3-қ о с ы м ш а д а :

" Б а л а н с " деген бөлімде:

" А к т и в " деген 1 - б а ғ а н д а :

V. "Ақшалай қаражат" деген кіші бөлімде:

"Мем. мекеменің ведомстволық бағыныстағы мекемелерге міндеттемелерді алу және рұқсатты алу үшін рұқсаттар (090) 140" деген жол мынадай редакцияда жазылсын: "Мемлекеттік мекеменің міндеттемелерді қабылдауға арналған р ұ қ с а т т а р ы ( 0 9 0 ) 1 4 0 " ;

"Күрделі қаржыға арналған ашық рұқсаттар (093) 150" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын: "Трансферттер бойынша р ұ қ с а т т а р ( 0 9 5 ) 1 5 2 " ;

"Сыртқы заемдар есебінен жобалар бойынша шығыстарға арналған ашық рұқсаттар (099) 162" деген жол мынадай редакцияда жазылсын: "Сыртқы заемдардың және байланысты гранттардың есебінен жобалар бойынша рұқсаттар ( 0 9 9 ) 1 6 2 " ;

"Мем. мекеменің ведомстволық бағыныстағы мекемелерге міндеттемелерді алуға және рұқсат алу үшін рұқсаттар (100) 170" деген жол мынадай редакцияда жазылсын: "Мемлекеттік мекеменің міндеттемелерді қабылдауға арналған р ұ қ с а т т а р ы ( 0 1 0 ) 1 7 0 " ;

"Сыртқы қарыздар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаның арнайы шоты (113) 211" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын: "Мемлекеттік мекеменің карт-шоты (114) 212";

VI. "Есеп айырысу" деген кіші бөлімде:

"Бюджет тақырыбы бойынша тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерге арналған тапсырыстарға ішінара төлеу бойынша есеп айырысулар (152) 240" деген жол мынадай редакцияда жазылсын: "Ғылыми әзірлемелер бойынша есеп а й ы р ы с у л а р ( 1 5 2 ) 2 4 0 " ;

VII. "Шығыстар" деген кіші бөлімде:

"(194)" деген цифр "(200)" деген цифрмен ауыстырылсын;

"Бекітілген қаржыландыру жоспарының шегінде мемлекеттік мекемелерді ұстауға және басқа шараларға арналған бюджет бойынша шығыстар (194) 330"





Үкімет шешімі бойынша жүргізілетін қорларға аударымдар	130	X					
--	-----	---	--	--	--	--	--

"

деген жол алынып тасталсын;

"

Бюджет кірісіне енгізілді	140						
---------------------------	-----	--	--	--	--	--	--

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

оның ішінде бюджеттің кірісіне енгізілді	051						
--	-----	--	--	--	--	--	--

";

Мемлекеттік мекемелердің есептілігін жасау мен ұсынудың ережесіне 6-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жазылсын;

Мемлекеттік мекемелердің есептілігін жасау мен ұсынудың ережесіне 8-қосымшада:

"

Бюджет кірісіне енгізілді	140						
---------------------------	-----	--	--	--	--	--	--

"

деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"

оның ішінде бюджеттің кірісіне енгізілді	051						
--	-----	--	--	--	--	--	--

";

Мемлекеттік мекемелердің есептілігін жасау мен ұсынудың ережесіне 11-қосымшада:

"

Олардың тұрғын үйлері.....	020						
----------------------------	-----	--	--	--	--	--	--

"

деген жол мынадай мазмұндағы жолмен ауыстырылсын:

"

Оның ішінде тұрғын үйлер.....	011						
-------------------------------	-----	--	--	--	--	--	--

"

және мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

Жер (010-1).....	020
------------------	-----

";

Мемлекеттік мекемелердің есептілігін жасау мен ұсынудың ережесіне 17-қ о с ы м ш а д а :

"

- ЕҚДБ	043
--------	-----

"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер	044
---	-----

";

Мемлекеттік мекемелердің есептілігін жасау мен ұсынудың ережесіне 21-қ о с ы м ш а д а :

"Бухгалтерлік есеп бойынша қосалқы шоттардың атауы" деген баған мынадай мазмұндағы кіші бағанмен толықтырылсын:

"

195
18-1

";

Мемлекеттік мекемелердің есептілігін жасау мен ұсынудың ережесіне 22-қ о с ы м ш а д а :

"Бухгалтерлік есеп бойынша қосалқы шоттардың атауы" деген баған мынадай мазмұндағы кіші бағанмен толықтырылсын:

"

195
19-1

";

Мемлекеттік мекемелердің есептілігін жасау мен ұсынудың ережесіне 23 және 24 - қ о с ы м ш а л а р д а :

"Бухгалтерлік есеп бойынша қосалқы шоттардың атауы" деген баған мынадай

мазмұндағы кіші бағанмен толықтырылсын:

"

195
24-1

";

Мемлекеттік мекемелердің есептілігін жасау мен ұсынудың ережесіне 25-қосымша :

Есеп нысанының төменгі жағы мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"ҚАБ басшысы \_\_\_\_\_ ММ басшысы \_\_\_\_\_  
(қолы) (аты-жөні) (қолы) (аты-жөні)

М.О. М.О.

Жауапты орындаушы \_\_\_\_\_ ММ бас бухгалтері \_\_\_\_\_  
(қолы) (қолы) (аты-жөні)

М.О. ";

осы Бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес 28-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті (А.Н. Түсіпбековке) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның бұқаралық ақпарат құралдарында кейінгі жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрінің 2007 жылғы  
28 қарашадағы N 421 бұйрығына

1-қосымша

Мемлекеттік мекемелердің  
есептілігін жасау мен  
ұсынудың ережесіне

6-қосымша

\_\_\_\_\_ жылдың 1 \_\_\_\_\_ арналған \_\_\_\_\_ бюджеттің есебінен ұсталатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түсетін ақшаның түсімі мен жұмсалуды жоспарларының орындалуы туралы есеп

Бюджет түрі \_\_\_\_\_

4-жиынтық есеп нысаны

Кезеңділігі \_\_\_\_\_

( Т О Қ С А Н Д Ы Қ , Ж Ы Л Д Ы Қ )

Өлшем бірлігі: мың теңге

Жол коды	Тауар- ларды (жұмыс- тарды, қызмет- терді) сатудан түсетін түсім- дердің коды	Функци- оналдық топ	Бюджеттік бағдарла- малар әкімшісі	Бюджет- тік бағ- дарлама	Кіші бағдар- лама	Ерек- шелік
1	2	3	4	5	6	7
010						
011						
012						
020						
021						
030						

кестенің жалғасы

Жол коды	Атауы	Жылдық жоспар	Есепті кезеңге арналған жоспар	Орындалуы
1	8	9	10	11
010	Түсімдердің барлығы			
011	Қаржы жылының басындағы қаражат қалдығы			
012	Ағымдағы жылдың түсімдері			
020	Шығыстардың барлығы, оның ішінде ерекшелік- тер бойынша			
021	оның, бюджет кірісіне аударылғаны			
030	Ағымдағы қаржы жылының есепті кезеңінің соңындағы ақша қалдығы			

Басшы

(қолы)

(қолтаңбаны таратып жазу)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

(қолы)

\_\_\_\_\_ (қолтаңбаны таратып жазу)

200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрінің 2007 жылғы  
28 қарашадағы N 421 бұйрығына

2-қосымша

Мемлекеттік мекемелердің  
есептілігін жасау мен  
ұсынудың ережесіне

28-қосымша

**Демеушілік және қайырымдылық көмектен түсетін ақшаның  
түсімі және жұмсалуды туралы есеп**

Бюджет түрі \_\_\_\_\_

4-дк жиынтық

Кезеңділігі \_\_\_\_\_

( т о қ с а н д ы қ ,      ж ы л д ы қ )

Өлшем бірлігі: мың теңге

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі	Атауы	Түсімі	
		барлығы	оның ішінде жылдың басындағы ақша қалдығы
1	2	3	4
	ЖИЫНЫ		

кестенің жалғасы

Жұмсалуды ерекшелік		барлығы	оның бюджет кірісіне аударылғаны	Ағымдағы қаржы жылының есепті кезеңінің соңындағы ақша қалдығы -7-бағ.
коды	атауы			
5	6	7	8	9

Басшы \_\_\_\_\_

(қолы)

\_\_\_\_\_ (қолтаңбаны таратып жазу)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

(қолы)

\_\_\_\_\_ (қолтаңбаны таратып жазу)

200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК